


Мағжан Жұмабаев атындағы №21 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі:
Маханова Нұрбану Әбдіхалыққызы

Баяндама

Тақырыбы :

Бастауыш сыныптарда жаңа
ақпараттық технологияны пайдалану
арқылы оқушының ойлау қабілетін дамыту
және сапасын арттыру.



Әлем елдерінің біразы бұдан 40-50 жыл бұрын игерген әдіс-тәсілдер мен озық технологиялар бұл күнде әрбір оқытушының басты құралы болып отыр.

Қазіргі уақыт талабы болып отырған жаңа технологиялардың өзі жаңадан пайда болған емес, оның негізі бұрын қаланған, тек қазір өзгеріске ұшыраған.




«...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздардың қолында»”

Н.Назарбаев

КАЗАХСТАН - 2030



Елбасының «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» жолдауында **он-лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет деп айтылған болатын.**





«Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен

аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген
мағынаны білдіреді.

Білім берудегі интерактивтік технология -
бірін-бірі толықтыратын және барлық
оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын
оқыту технологиясы. Бұл сабақ барысында
оқушының ұжымдық жұмыс жасауға
қатыспауы мүмкін емес.



Жаңа ақпараттық технологияның жылдан жылға кең құлаш жайып дамуы адам қызметінің барлық салаларына енуіне орай, жас ұрпақты компьютерлік техниканы пайдалану үшін даярлауда, олардың компьютерлерге деген оң көзқарасын қалыптастырумен қатар, оқушылардың сыныпта және сыныптан тыс оқу қызметін компьютер арқылы ұйымдастыру көкейкесті мәселелердің бірі.

Елбасының «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» жолдауында он-лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет деп айтылған болатын. «Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді.

Білім берудегі интерактивтік технология - бірін-бірі толықтыратын және барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту технологиясы. Бұл сабақ барысында оқушының ұжымдық жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгерту, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз - өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жеңістіктерінен ләззат алуға мүмкіндік беруі.

Бастауыш мектептің оқушысы қазіргі заман талабына сай технологиямен жабдықталған сыныптарды оқуды аңсайды. Бала компьютерде ойын ойнауды ғана емес, қызықты сурет салуды, жұмыс жасауды, сөздік (ағылшын,орыс, қазақ тілі) қорын молайтуды, электрондық оқулықпен жұмыс жасауды үйренгісі келеді, онымен етене жақындасуға, достасуға тырысады. Бастауыш мектепте компьютерлік сауаттылық элементтерін қалыптастыру керек. Бастауыш мектептің оқыту үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану туралы құнды зерттеулер жүргізген.

*Сөзжұмбақ,
тест.*

**Мағынаны
тану**

**Қызығуш
ылығын
ояту**

*Топтау,
болжам, ойлану,
сергіту, адас-
қан объектіні
табу.*

**Оқу-жазу
арқылы
интерактивті
технология
әдісімен
ойлауды
дамыту.**

**Ой-
толғаныс.**

Венн диаграммасы
(«Венн диаграмма»
стратегиясы.
Қабысып жатқан
3 дөңгелектен тұрады.
Әуелі жеке қасиеттерін
жазады да,
ортаға екеуіне ортақ
қасиеттерді жазады. Бұл
диаграммамен өткен сабақ
пен
жаңа сабақты байланыстыра-
мыз.)

Интерактивті тақта сабақты түрлендіруге көмегін тигізіп, оқытудың барлық кезеңінде, яғни, бастауыш мектепте оқытуды қызықты да әсерлі өткізуге ықпалын тигізеді.





Интерактивті тақта бастауыш сыныптар үшін өте қолайлы. Оқушылардың қызығушыларын арттыруда, сабақ барысында дидактикалық материал түрінде қолдануға, жаңа тақырыптар меңгерген кезде мұғалімге түсіндіру барысында, оқушыларға тақырыпты меңгеруге көмекші ретінде қолданылады. Әр тұлғаның қайталанбас мүмкіндігін есепке ала отырып, әр оқушының өзіндік дамуына, өзіндік ізденуіне ықпал ету арқылы оның ой - өрісін кеңейту, біліктілігін нығайту. Бұл технология оқыту әдісінің тиімділігі, баланың жеке тұлға ретінде ашылуы, оның жан – жақты дамуына табиғи әсер етеді.













Үй тапсырмасын тексеру:

"Май шамды уақыт өтуіне
рай орналастыр"





Сандардың құрамдарын қайталау





Қоянның тапсырмасы

Қосындылар



және



“Кім жылдам” ойыны.
Әйнекшені толтыр

"Алғырлар"

$$10 = \square + \square$$

$$8 = \square + \square$$

$$6 = \square + \square$$

"Тапқырлар"

$$9 = \square + \square$$

$$7 = \square + \square$$

$$5 = \square + \square$$

"Зеректер"

$$4 = \square + \square$$

$$3 = \square + \square$$

$$2 = \square + \square$$

Аюдың тапсырмасы



"Алғырлар"



"Тапқырлар"



"Зеректер"





Аудың тапсырмасы



САЛЫСТЫР





Менің қатемді тап!

"Алғырлар"

$$8+2=9$$

$$6-2=4$$

$$10<9$$

"Тапқырлар"

$$3+3=9$$

$$7-5=2$$

$$4>6$$

"Зеректер"

$$4+2=6$$

$$5+3=7$$

$$2<3$$

СЕРГІТУ СӘТІ



1, 2, 3, 1, 2, 3

Құстарға қарап ұш

Қаз қанатын жайды

Үйрек мойнын созды



Аққу көлге қонды.

4, 5, 6, 7 құстар көлге жетті.






Түлкінің тапсырмасы






Суреттегі үшбұрышты табу

"Алғырлар"




- а) 8
- ә) 9
- б) 7

"Тапқырлар"



- а) 8
- ә) 7
- б) 9

"Зеректер"



- а) 5
- ә) 4
- б) 6



ЖАЗУДЫ ТОЛЫҚТЫР



"Алғырлар"

$3+5 > \square$

$4-3 < \square$

"Тапқырлар"

$5\text{см} - 2\text{см} < \square$

$\square \text{ см} * \square$

$5\text{см} + 4$

"Зеректер"





$3+5 * 3+ \square$

$4-3 * \square - 1$



Сабақты бекіту:

Фигураларды ата



Ребусты шешу

"Алғырлар"


"Тапқырлар"

"Зеректер"





“





Ш



С’





7	8	9	3



Педагогтар ХХІ ғасырды «Жаңа ақпараттық технология» кезеңі деп атайды, қазір кез келген ақпаратты табу жолдары оңай. Сондықтан оқушыларды қажет ақпаратты тауып, оны талдап ойластыруға үйрету - оқыту технологияларының бір аспектісіне айналып отыр, әрі таным белсенділігінің артуына тиімді әсерін береді.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында компьютер оқыту мен дидактикалық құралға айналып отыр. Сондықтан қазіргі білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқу құралдарын мектеп пәндерін оқытуға пайдалану өзекті мәселелердің бірі. Олай болса, бұл мәселелерді жан-жақты шешу үшін мұғалімдердің біліктілігін көтерудің орны ерекше. Аталған мәселені дамыту үшін білім беру қызметкерлері үшін түрлі тренинг, курстар өткізілуде.

Оқу қызметінде компьютерден рефлексивтік деңгейін жүзеге асыруды елестетсек, оның мүмкіндіктері ерекше үлкен. Компьютер кез келген ойдың өтімділігін, міндеттерінің күшті және әлсіз жақтарын көрсетіп бере алады. Шығарылуы күрделі, көп уақытты қажет ететін есептерді компьютердің көмегімен тез орындауға болады. Нәтижесінде өте жоғары дәлдікпен есептелінген есептің нәтижесін аламыз.

Мен, бастауыш сынып бірлестігінде осы мәселелерді қозғап, сыныптан тыс тәрбие сағаттарында, міндетті түрде осы мәселелер төңірегінде ой қозғау керек екендігін мұғалімдерге айтып, оқушыларды өзін-өзі жетілдірудің бірден-бір жолы-жетістікке жетуге ұмтылу екенін түсіндіремін. Міне, осындай жұмыс түрлерін жүргізе отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің мәртебесін көтеруімізге болады. Барлығы да мұғалімдердің іскерлігі мен білімі, ой ұшқырлығы мен біліктілігі арқылы жүзеге асады.

Мүмкіндігі шексіз интерактивті тақта арқылы мультимедиалық мәтіндер жазылған бейне материалдар, слайдтар, суреттер, сызбалар, кестелер, диаграммалар, анимацияларды қолданып, мұғалім өз пәнінің, түсіндірген тақырыбының мазмұнын ашып көрсетуіне мүмкіндігі мол. Бұл жан-жақты, дарынды әрі бәсекеге қабілетті білімді шәкірт тәрбиелеудің тағы бір тамаша баспалдағы деуге толық негіз бар.

Жаңа технологиялар мен инновациялардың мүмкіндіктері шексіз, артықшылықтары орасан. Оған «online» режимінде интерактивті байланыс арқылы көрсетілген сабақтар арқылы анық көз жеткізуге болады.

Тәжірибе жүзінде дәлелденгендей, кез-келген мұғалім өзінің сабағында ақпараттық технологияларды пайдалануы олардың әлемдік кеңістікке енуде ақпараттық мәдениетінің қалыптасатынымен өлшенеді. Сонымен бірге, бұл жағдайда, инновациялық әдістер мен құралдарды оқу процесіне пайдалану оқушылардың кез-келген пәнді игеруге қызығушылықтарын арттырады.

Ақпараттық технология бүгінгі таңның өзекті мәселесі, сондықтан 12 жылдық білім жүйесінде осы бағыт орынды қолға алынған.

Ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі – мектепте компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану: оның мүмкіндіктерін жаңа материалды баяндауда (білімді виртуальды өмірде қолдану), үйрету программаларын қолдану арқылы виртуальды лабораториялық жұмыстарды жүргізу, баяндалған материалды бекіту (тренинг), Интернет-технологияларды қолдану.

Мектеп мұғалімдерін ақпараттық технологиямен алғаш танысу институт базасында өткізілетін салаларының бірі ретінде қарастырылған.

Негізгі мақсаты: білім мекемелері қызметкерлерінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оның ішінде, жаңа технология құралын пайдалану арқылы өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру.

Егер мұғалім компьютермен таныс болмаса, онда оған психологиялық тұрғыдан зияндылық жасамау керек. Ақпараттық технология құралдарын пайдаланудың алғашқы ұғымдарын, оны дамытудың дағдысын қалыптастыру және мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы оқу ақпараттарын беру әдістемесі элементтерін демонстрация жасау.

Оқушылардың жалпы оқу біліктілігіне жататын оқу-компьютерлік біліктіліктерін «клавиатурамен жұмыс, программа тізу, принтермен жұмыс істей білу, дайын программаларды қолдана білу, тексттік, графикалық редакторлармен жұмыс істей білу» жүйелі түрде қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес талабына айналуда.

Интернетке қосылу арқылы әлемдік білімдік кеңістікке шығу.
Қашықтықтан оқыту формасына көшу.

Электрондық оқулық және оның құрылымы

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекетті бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту процесін ақпараттандыру. Аталған бағытты жүзеге асыру үшін жаңа буын оқулықтарын электрондық вариантқа аудару қажет.


Электрондық оқулықтың мазмұны оқушының интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы және т.б.

Электрондық оқулықтар ара қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады.

Осы уақытқа дейін бақылаушы, жаттықтырушы, модельдеуші, дидактикалық ойындар сияқты қолданбалы программалар қолданылып келді. Бұл программалар оқушының өздігінен оқып үйренуіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықты құрастырған кезде оның мәтіндік ақпараттан гөрі графикалық ақпарат көбірек қамтылуы керек, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды. [6]

Жаңа ақпараттық технологиялардың құралдары



Қорытынды

Мұғалімнің және оқушының шығармашылық жұмыстарының ғылыми деңгейін қалыптастыруда, жаңа құндылықтар, ізденістер жасау. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем.

Оқушының дамуына әсер етуші әлеуметік фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата-ана басқа пән мұғалімдері ынтымақтасуы керек.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және қолдану - білім саласындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сондықтан сабақ үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану арқылы оның тиімділігін, ұтымдылығын көрсету мақсатында «Бастауыш сыныптарда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілетін дамыту және сапасын арттыру» атты баяндамамыз сіздерге ұсындым, назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!



**Көңіл қойып,
тыңдағандарыңызға
рахмет!**

Сау болыңыздар!